

## Жолыма Қыдыр болып жолыққан жан

*Бәріміз де ата-ананың тәрбиесін, үлкен кісілердің алдын көрдік. Ойын баласы болғандықтан көп нәрсені бағамдай бермейсің. Бірақ олардың айтқан әңгімесінің түйіні қай баланың да жүрегінде ғұмыр бойы маздап қаларына күмәнім жоқ. Ата-анам ылғи «жақсы адамдар жолдасың болсын, жолыңда жақсылар кездессін» деген өсиет айтушы еді. Қазір өзім де ақсақалдықтың жүгін арқалап жүрген кезде осының барлығы да өмір мектебі екеніне көзім жетті. Жарты ғасырдан астам уақыт өмірім қазақтармен қатар өріліп келе жатқандықтан, барлық халықтың теңізге құяр өзендердей даналық бұлағы бір екенін ұғындым. Қазақтар «жолдасың Қыдыр болсын!» демей ме? Маған да Қыдыр болып жолыққан кісі бар.*



Өткен ғасырдың 70-жылдарында Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін сырттай естігенім бар еді. Бірақ жүзбе-жүз кездеспегендіктен көп мән берген емеспін. 1979 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы кезінде облыстың мал шаруашылығында жеткен жетістіктері үшін КОКП Орталық комитеті мен Министрлер Кеңесінің және республикалық ауыспалы туларын тапсыру мақсатымен Қостанайға келді. Облыс активі шақырылды. Онда мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болғандықтан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы және облыстық атқару комитетінің төрағасымен бірге Нұрсұлтан Әбішұлының қолынан ауыспалы туларды алғанмын. «Жоғары жақтың» жіберген адамына бәріміз де сын көзбен, қызықтап қарағанымыз рас. Ол сол жолы бәрімізді таңқалдырды. Алдымен хатшы мінберге қағазсыз шықты. Өзі жап-жас, қазақтың маңдайы жарқыраған келбетті жігіті екен. Өте мазмұнды сөйледі, облыстың экономикасын бес саусақтай біліп тұр. Тек мақтай бермей, ауыл

шаруашылығындағы проблемаларды мысалдармен нақтылап, талдап тұрып айтып берді. Мінбердегі еркіндігімен, сауатты сөйлей білуімен залды эпсәтте баурап алды. Оның сөзінен алып держава саналатын Кеңестер одағында жаңа экономикалық және саяси тәсілдердің қажеттігі пісіп-жетіліп келе жатқаны сезілгендей еді. Мен партия-кеңес басшылығында жүрген адамдардың арасынан мұндай басшыны бұрын кездестірмеппін. Аузым ашылып, таңданысымды, іштей ризашылығымды да жасыра алмадым. Мінбердегі сөзін қағаздан оқып беретін, партияның қатып қалған тәртібімен қасаң сөйлейтін партия-кеңес басшыларының сөзін ұйықтап отырып тыңдайтын әдеттен кейін мына кездесу жаныма серпіліс бергендей болды. Мына жас хатшының жұмыс істеу тәсілі ғана емес, өзі де ерекше жан сияқты көрінді. Мен ертеңіне сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Андрей Бородинге кірдім. Ол Нұрсұлтан Назарбаев туралы пікірімді білгісі келді. Андрей Михайловичтің өзі де республика Компартиясы Орталық комитетінің хатшысына деген таңданысы мен сүйсінісінен арыла алмай отыр екен. «Валентин, алғы гвардияны ауыстыратын осындай жігіттер болады деп ойлаймын», деді.

1986 жылы Нұрсұлтан Назарбаев облысқа тағы келді. Бұл уақытта ол ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болатын. 80-ші жылдардың аяғы мен 90-жылдардың бас кезі ауыр, экономикада да, саясатта да өлара шақ болатын. Ескі жүйенің тарих сахнасынан кетуге сыр бере бастаған тұсы. Оны Нұрсұлтан Назарбаев сияқты биіктен қарап, алысты көретін тұлғалар сұңғылалықпен сезе білді. Сондықтан облыстық партия комитетінің пленумында Нұрсұлтан Әбішұлының ауыл шаруашылығындағы кемшіліктерді қатты сынға алғаны біразына ауыр тигені де рас. Әсіресе, сүт өндірудегі қосып жазудың масқара шындығын Назарбаев батыра әрі дұрыс айтты. Жоғарыға «пәлен сиырдан пәлен литр сүт сауылды» деген желбуаз есептер кетіп жатты. Бірақ дүкендерде сары май көрмейсің, ал сүтке иірілген кезек. Тұқымы нашарлаған сиырларды көбейте бергенмен, қанша жемдегенмен олар сүтті молайтқан жоқ. Сүт өңдеу зауыттарына өнім қажеттіліктен әлдеқайда аз түсті. Оның себебі, сүттің барлығы қоғамдық тамақтандыру орындарына жіберіледі деп түсіндірілді. Мұндай көрініс тек Қостанайда ғана емес, барлық облыста қалыптасқан еді. Бірақ Қостанай облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Василий Демиденко Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сынына тулап, өкпелесін. Мен облыстық партия комитетінің екінші хатшысы және ауыл шаруашылығы мәселелерін қадағалайтынмын. Нұрсұлтан Әбішұлы үзілісте менің жаныма келіп, «айтқан сыным дұрыс емес пе?» деп сұрады. Мен әрине, көзжұмбайлық жасап келе жатқан бұл мәселенің ашық айтылғаны дұрыс болғанын айттым. Қоғамда қалыптасқан жасанды экономикалық жағдайды сылып тастауға саяси ерік-жігердің керектігі мәлім еді. Оның үстіне «үйге келгенде үйдей өкпеңді айтпа» дегендей, Демиденконың сынды қабылдай алмағаны, басшы мәдениетін көрсете алмағаны да Нұрсұлтан Әбішұлын ыңғайсыздыққа қалдырса керек. Нұрсұлтан Әбішұлы екеуміздің арамызда қысқа да болса ашық әңгіме болды, мен онымен пікірлес екенімді сезіндім.

Әлі Кеңес одағы тарқамай тұрған кезде, 80-жылдардың аяғында аудандық ауылшаруашылық бірлестіктері құрылды, бұл қазіргі түсінікпен айтқанда кластер деуге болады. Шаруашылықтарды ет комбинатына, сүт зауыттарына біріктіріп, онда өндірілген өнімді өзінің фирмалық дүкендерінде сату керек болатын. Бұл бастамаға сол кезде қарсылар да аз емес еді. Сондықтан облыс басшысы Демиденко мені Алматыға рұқсат сұрауға жіберді. Мен сол кездегі республика басшысы Колбиннің қабылдауында болдым. Ол мені орнынан қозғалмай, қол да бермей, түксиіп отырып қарсы алды. Байқауымша, ол мен ұсынған мәселенің маңызын бажайлай алмады немесе түсінгісі келген жоқ. Колбиннің азық-түлік мәселесін киік пен жыл құсын ату арқылы шешкісі келгені жұрттың есінде болар. Колбин Министрлер Кеңесінің төрағасына менің көзімше телефон шалып, мені сонда сілтеп жіберді.

Нұрсұлтан Назарбаев орнынан тұрып, қолымды қысып амандасып, қарсы алды, келген шаруамды баяндауымды сұрады. Оның орынтағында сіресіп қалмай, лауазымының биіктігін емес, адамгершілікті алдына салып қарсы алғаны маған да еркіндік бергендей болды. Оған келген мәселемді түсіндіріп қызылтер болғаным жоқ. Бәрін өзімнен артық біледі, бастаманың дұрыстығын бірден қолдады. Бір аптадан кейін республика Министрлер Кеңесінің Қостанай облысында Қостанай, Таран, Боровской агрокомбинаттарын құру туралы қаулысы шықты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болған кезде мен Орталық комитеттен шақырту алдым. Ол кісімен Жоғарғы Кеңестің сессияларында, Министрлер Кеңесінің мәжілістерінде кездесіп, сұхбаттасып жүргендіктен мен өзіме жауапкершілік жүктелетінін де іштей сезгенмін. Маған Орталық комитеттің ауыл шаруашылығын қадағалайтын хатшылық қызметі ұсынылды. Нұрсұлтан Әбішұлы «Осы салада қордаланған проблемалар бар, іске кірісіңіз», деді. Қолдан келгенше қызмет еттік.

Михаил Горбачевтің жариялылығы алғашында қоғамды бір серпілтіп тастағандай болды. Бірақ бұл «жаңаша ойлау» маңызды болса, адамдарға азық-түлік молшылығы, сапалы киім, әлеуметтік тұрмыстың жақсаруы одан да маңызды еді. Қысқасы Горбачев қанша көп сөйлегенмен елдің экономикалық жағдайы кері кетіп бара жатты. Осыны түсінген Саяси бюроның жаңа мүшелері Горбачевтің таразысын басатындай, елдің экономикасы туралы «жаңаша ойлайтын» адамды іздеді. Олардың барлығы да бұл тұлғаны Назарбаев деп білді. «Алдымен экономика, сосын саясат» деген ұстанымы бар Назарбаев сол кездің өзінде мықты саясаткер болып мойындалып қалған еді. Өйткені, көптеген саясаткерлер аузымен құс ұстайды, ал оны жүзеге асыруға келгенде шабандайды. Ал өндіріс қазанында қайнап шыққан Назарбаевтың экономикалық негізі мықты еді. Саяси бюроның «жастар қанаты» сол кезде Назарбаевты Кеңестер одағы коммунистік партиясы Орталық комитетінің екінші хатшылығына немесе Министрлер Кеңесінің төрағалығына ұсынды. Маған осы әңгімелердің барлығын Мичурин атындағы жеміс және көкөніс институтында студенттік өмірдің ботқасын бөліп жеген Егор Строев талай айтып берген еді. Егор досым Мәскеуде

партияның Орталық комитетінің хатшысы болып қызмет істеді. Ол КСРО экономикасының дамыған елдерден неге артта қалғанын талдап түсіндіретін Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздерінен мысалдар келтіретін. Сол кезде Кеңес одағында бейнелеп айтсақ, 70 пайыз станоктар мен танктер, 30 пайыз ғана халық тұтынатын тауарлар өндірілетін. Танктер зауыттан шығады да қатарға тұрады, ал дүкен сөрелері бос. Соғыстан кейінгі экономиканың моделі дұрыс болған жоқ, уақыт талабына жауап бере алмады. Танктер тұрып тозды, ескі үлгідегі станоктардың да қатырғаны шамалы болды. Бір ауыз сөзбен айтсақ, Назарбаев экономикадағы осы қатынасты өзгертуді, яғни 70 пайыз азық-түлік пен тұтынатын тауарлар, 30 пайыз өндіріс құралдарын өндіруді ұсынды. Кейін қытайлар осылай істеді де, экономикада ғажайып табысқа жетті. Дүние жүзін халық тұтынатын тауарлармен, азық-түлікпен қамтамасыз етті. Егер Назарбаев КОКП екінші хатшылығына немесе Министрлер Кеңесінің төрағалығына барғанда мүмкін басқаша өзгеріс болар ма еді?.. Горбачев Нұрсұлтан сияқты ерік-жігері күшті, жас, білімі де, харизмасы да, экономист ретінде де мықты саясаткерді өзімен қатар ұстағысы келген жоқ. Нәтижесінде Кеңес одағының экономикасы кері кетті, мемлекеттің іргесі сөгілді. Екінші жағынан Нұрсұлтан Назарбаев алдына «жоғарыға» бару туралы мақсат қойған жоқ. Оған елінің жағдайы, тәуелсіздігі маңыздырақ еді. Көреген саясаткер бір одаққа біріккен республикалардың арасындағы жылдар бойы шиелене байланған экономикалық байланыстарды бірден үзіп тастауға болмайтынын, мұның өзі барлығына да қиындық әкелетінін ескертті. Солай болғанын көріп отырмыз. Қазіргі Кеден одағының да бастамашыларының бірі біздің Президентіміз. Саяси тәуелсіз елдерге экономикалық байланыс жасамай болмайды. Кеден одағы осы байланысты жеңілдететінін Нұрекең түсінді. Бұл да біздің Мемлекет басшысының мықты экономист екенін көрсетеді.

Кеңес одағы және Коммунистік партия тарағаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Президенті болып сайланды. Мен Ауыл шаруашылығы министрі болып тағайындалдым. Бірде ол «маған кіріп кет» деді. Екеуміз ауыл шаруашылығын реформалауды әңгімелестік. Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы бірінші байлық астық екені белгілі. Сондықтан мен элеваторлардың 7 миллион тонна сыйымдылығын республиканың меншігіне қалдырып, қалған 17 миллион тонналық элеваторлардың барлығын сол кездегі кеңшарлар мен ұжымшарлар меншігіне беруді ұсындым. Көп ұзамай Президент жарлығы шығып, директорлар мен төрағалар бөліктерін аспанға атты. Акция таратылды. Кейін меншікті мемлекеттен алу, жеке меншікке өтуге ұласты. Сол кездегі белгілі бір жағдайлар мені биік лауазым орынтағынан қайтадан «жерге» оралуыма мәжбүр етті. Мен Қостанайға оралып, осында ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институтын және «Заречное» тәжірибе-үлгі шаруашылығын басқардым. Бір жиында Нұрсұлтан Әбішұлы: «Өз еркімен өндіріске қайта оралып, оны гүлдендіріп жіберген жалғыз министр Двуреченский ғана. Ал сендерге тек шенеуніктік қызмет тарата беру керек», депті.

Қазір Нұрсұлтан Назарбаевпен жыл сайын ол Қостанайға келгенде кездесеміз. Ол мен авторы болып саналатын құрғақшылықта да өнім беретін агротехнологияны, оның өндіріске енгізілуін сұрайды. Уақыттың аздығына карамай ауыл шаруашылығын дамытудың жолдары жөнінде пікірлесіп қаламыз. Нұрсұлтан Әбішұлы осындай биік лауазым иесі бола тұра адамгершілікті пір тұтатын адам. Жайқалған егінді аралап жүріп еркін сөйлесеміз, өзіне тән жарасымды әзілдерін айтып, рахаттана күліп аламыз. Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің ана тілінде ақынжанды адам екенін білемін, ал орыс тілінде өте шешен сөйлейтіні мені таңқалдырып қана қоймай, табындырады. Бұрынғы уақытты айтпағанда, қазіргі ТМД елдері басшыларының ешқайсысы орыс тілінде Нұрсұлтандай шешендікті көрсете алған емес.

Бүгінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған ішкі, сыртқы саясатын дүние жүзі мойындап отыр. Аз ғана жылдың ішінде Қазақстан қарыштап дамыды. Соңғы жылдары Президентіміздің тікелей бастама-басшылығымен үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге аса бастады. Бүкіл Қазақстанды айтпай-ақ, өзіміздің Қостанай облысындағы пайдалануға беріліп жатқан тамаша жобалар көз-көңіл қуантады. Ауыл шаруашылығының өзінде өсімдік майын, макарон, шұжықтар, сүт өндіретін ұқсату кәсіпорындары көбейе бастады. Бұл әрі молшылық, әрі қостанайлықтарға жұмыс орны болып қалды. Қостанай қаласы түрленіп, гүлденіп келеді. Жақында осында театрлар фестивалі өтті. Соған Санкт-Петербургтен қазы ретінде шақырылған театр маманы Людмила Мартинова деген кісі Қостанайдағы қазақ, орыс драма театрларының жаңадан салынған, өңделген ғимараттарына аузын ашып, көзін жұмып таңғалып кетті. Театрдың салынуы елдің экономикалық қана емес, рухани дамуының көрсеткіші екенін ұмытпайық. Рухани байлық – таптырмайтын байлық!

Еліміз халықаралық ұйымдарға басшылық жасады. Енді, міне, халықаралық ЕКСПО-2017 көрмесінің Астанада өтетіні де Президентіміздің сыртқы беделінің арқасы екенін мен де қадап айтқым келеді. Нұрсұлтан жүргізіп отырған ұлт саясатына еріксіз басымды иемін. Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақтарды, қазақтар оларды сыйлап тұрады. Қазақстандағы ұлттар татулығы өзге елдердегіге қарағанда шынайы көрінеді маған. Соның арқасында елде бірлік бар. Менің ұлтым орыс, Ресейге кетіп қалатын талай мүмкіндік болды. Әлгі студенттік шақтан досым Егор Строев Орлов облысының губернаторы болып тұрғанда өзіне орынбасарлыққа да шақырды. Бірақ Қазақстаннан кеткен жоқпын, маған Нұрсұлтан Әбішұлындай тұлғамен қызмет істеген өмірімді мәнді ете түсті. Оның өзімен достық, жылы қарым-қатынасым мерейімді өсірсе, оның халқы – қазақтар маған да, менің балаларыма да жақын туыстай болып кеткен. Менің тамырым қазақ жеріне байланған, Қазақстанның отын оттап, суын сулап қана қоймай, тілегін тілейміз.

Өткен жылы Қазақстанның Еңбек Ері атандым. Кеудеме Президенттің өзі Алтын жұлдызды қадады. Ауыл шаруашылығын ұйымдастырудағы азды-

көпті еңбегімді бағалағанына алғысымды айтамын. Ол менің өмірімдегі ең бақытты сәттерімнің бірі деп білемін. Президентті бүкілқазақстандықтар мақтаныш тұтады, ал онымен қызметтес, пікірлес, сапарлас болған менің мақтанышым бірнеше еселеніп кеткендей.